

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Дәуренқызы Алтынай

altynai.dauren2000@gmail.com

«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 1-курс магистранты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.М. Абдыхалыкова

Кіріспе

Бүгінгі таңда, бұқаралық ақпарат құралдары студенттерге бұрынғыдан да қолжетімді. Газеттер мен журналдар сынды баспа жаңалықтарын тіпті онлайн форматта да табу қиын емес. Интернет қолжетімді болса кез келген жерден кез келген уақытта жаңалықтар мен ақпараттарды іздеу және қолдану өте жеңіл. Сондықтан, интернетте және әлеуметтік желілер арқылы жаңалықтар мен ақпаратты іздеудің танымалдылығының артуы студенттерге медиа сауаттылықты дамыту қажеттілігіне назар аудартады. Бұқаралық ақпарат құралдары студенттерге ақпарат алмасуға мүмкіндік бергендіктен, әртүрлі ақпарат көздерінің сапасы мен дәлдігін қалай бағалау керектігін түсінуі маңызды.

Ағылшын тілін студенттерге оқытудағы медиа сауаттылықтың рөлі бірінші кезекте бұқаралық ақпарат құралдарына сыни көзбен қарауға көмектесетін дағдыларды игеруі. Сонымен қатар шығармашылық, ынтымақтастық және коммуникация сияқты 21 ғасырдағы маңызды дағдыларды дамытып, бұқаралық ақпарат құралдарымен, ақпаратпен және технологиялармен өзара әрекеттесу арқылы цифрлық сауаттылық дағдыларын арттырады. Бұл мақалада ағылшын тілін оқытудағы медиа сауаттылықтың маңыздылығы және бұқаралық ақпарат құралдарының ресурстарын оқыту барысында қолдану арқылы студенттердің медиа сауаттылығын қалыптастырудың негізгі әдіс-тәсілдері мен стратегиялары қарастырылады.

Негізгі бөлім

Медиа сауаттылық бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарының және ондағы ақпараттардың бізге сөздердің, бейнелердің және дыбыстардың күшті үйлесімі арқылы байланысын бақылаудан басталады. Осылайша, алынған ақпараттарды түсінуге және өзімізде бар ақпараттарды тиімді қолдануға немесе тарату үшін медиа сауаттылық дағдыларының маңыздылығын түсінуіміз қажет. Медиа дамып тұрған заманда медиалық сауатты болу оқу орынында, жұмыс орнында, кеңес бөлмесінде немесе ұжыммен қарым-қатынас барысында шешім қабылдауға мүмкіндік беретін сыни ойлау дағдыларын дамытады.

«Медиа сауаттылық» термині көбінесе медиа және медиа технологияларға қатысты басқа терминдермен алмастырылады. Қарапайым тілмен айтқанда, медиа сауаттылық дәстүрлі сауаттылыққа негізделеді және студенттердің оқылым мен жазу дағдыларын дамытудың жаңа түрлерін ұсынады. Медиа сауаттылық студенттерге сыни тұрғыдан ойлауға және басқалармен де тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді [1].

Медиа сауаттылық туралы нақты не айтқымыз келетінін түсіндіру үшін, келесідей «Ұлттық медиа сауаттылық білім беру қауымдастығының» анықтамаларын ұсынамыз:

- Медиа дегеніміз хабарламаларды жеткізу үшін қолданылатын барлық электрондық немесе цифрлық құралдар және баспа немесе көркем визуалды элементтер жиынтығы;
- Сауаттылық бұл символдарды кодтау және декодтау, хабарламаларды синтездеу және талдау қабілеті;
- Медиа сауаттылық бұл бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілетін символдарды кодтау және декодтау, сондай-ақ хабарламаларды синтездеу және талдау мүмкіндігі.

“Ұлттық медиа сауаттылық білім беру қауымдастығы” медиа сауаттылықты “коммуникацияның барлық түрлерін қолдана отырып, қол жеткізу, талдау, бағалау, құру және әрекет ету қабілеті” деп анықтайды. Оқытушылар студенттерге медиа сауатты тұлға ретінде дамуға көмектесетін кейбір әдістерді қарастырайық:

Сапалы ақпарат көздеріне қол жеткізу. Біз студенттерге бұқаралық ақпарат құралдарын оқу процесінде пайдалану кезінде өзекті, сенімді және бейтарап сапалы ақпараттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуіміз керек.

Студенттерге оқытуды басқару жүйелеріндегі немесе Padlet немесе Waklet сияқты құралдардағы сілтемелер арқылы сапалы ресурстардың мұқият таңдалған жинағын ұсынуымыз керек.

Pebble Go, Epic және NewsELA сияқты сапалы мазмұн веб-сайттарын қалай тиімді қолдануды үйретуіміз керек [2].

Сыни тұрғыдан ойлау арқылы талдау және бағалау. Бірақ студенттер күнделікті өмірде кездесетін қандай да бір дереккөздердің сенімді екеніндігін қалай біледі? Әрбір студент бос уақытында, YouTube көреді, жаңалықтар оқиды немесе әлеуметтік желілерде жаңа ақпараттармен танысады, осындай кездерде оларға ақпаратты түсіну және шынайы немесе жалған екендігін ажырату дағдылары қажет. Бұл дағдыларды дамытудың бір жолы - студенттерге бұқаралық ақпарат құралдарын талдау және бағалау кезінде мына сұрақтарды қоюды үйрету:

- Авторы кім?
- Ақпараттың мақсаты қандай? (ақпараттандыру, көңіл көтеру, сендіру)
- Адамдардың белгілі бір топтары ұсынылған ба?
- Қандай да бір мәліметтер жетіспеді ме? Неліктен?
- Дереккөздер келтірілген бе?
- Грамматикалық және емле қателері бар ма?

Сонымен қатар, студенттерге өз бетінше ойлануға уақыт пен мүмкіндік беру және оларға сұрақ қоюды үйрету медианы өз бетінше талдауды және бағалауды үйренуде маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер студенттерге сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік беруі керек, дегенмен, оқу процесі барысында ақпараттық ресурстарды талдау мен бағалауға қатысты сыни тұрғыдан ойлау мұғалімдердің нақты мысалдары мен тапсырмалары арқылы жүйелі түрде үлгіленуі керек, мұнда студенттер сыни ойлау процесін тәжірибе жүзінде дамытады және сезінеді [1].

Алынған ақпараттарды жауапкершілікпен қолдану. Бұқаралық ақпарат құралдары сыни тұрғыдан ойлауды дамытумен қатар, ақпараттарды сауатты қолдану да медиа сауаттылықтың маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Студенттердің БАҚ туралы білгендерін оқуда немесе оқудан тыс жерлерде таратуы, соның ішінде әлеуметтік желілерде өзі бөлісетін ақпараттарды мұқият зерттеп барып бөлісуі, студенттің медиа сауаттылығының нәтижесін және басқалармен ақпаратты бөлісуде жауапкершілігінің жоғары болуын көрсетеді.

Медиа сауаттылық жай ғана маңызды емес, ол өте маңызды. Себебі студенттер бұқаралық ақпарат құралдарының құралы бола ма, әлде бұқаралық ақпарат құралдары студенттердің пайдалану құралы бола ма, арасындағы айырмашылықты анықтайды. Басқаша айтқанда, біз бұқаралық ақпарат құралдарының студенттерді манипуляциялауын қалаймыз ба немесе оларға бұқаралық ақпарат құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береміз келе ме? Біз әр мұғалімнің міндеті - білім алушыны 21 ғасырдың білімді, жан-жақты азаматтары болуға дайындау деп санаймыз. Қазіргі таңда, олар медианы қолдануға сәйкесінше орта есеппен 6 және 9 сағат жұмсайды, бұл үй тапсырмасын жасайтын уақытты қоспағанда [3]

Медиа сауатты болу (әр түрлі формада медиаға қол жеткізу, талдау, бағалау және пайдалану мүмкіндігі) қазіргі кезде білім беруде маңызды құралға айналууда. Әсіресе, ағылшын тілін оқыту барысында қолданылатын шетелдік ақпарат көздерімен жұмыс жасау кезінде, біз шынымен де өте мұқият болуымыз керек, қандай ақпаратқа сену керектігін түсіну үшін естіген немесе оқыған ақпаратты бағалай білуіміз керек. Басқаша айтқанда, қазір барлық жастағы студенттерге медиа сауаттылықты үйрету бұрынғыдан да маңызды [4].

Тіпті, Америка Құрама Штаттарында 2007 жылы “Ұлттық медиа сауаттылық білім беру қауымдастығы” арнайы медиа сауаттылық бойынша жоба әзірлеп, медиа сауаттылық бойынша білім берудің негізгі принциптерін жариялаған болатын, онда:

- әрбір қолданылатын ақпаратты белсенді зерттеуді және сыни тұрғыдан түсінуді талап етеді;

- сауаттылық ұғымдарын (яғни оқылым және жазу) бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлерін қамту үшін кеңейтеді;

- барлық жастағы студенттердің дағдыларын дамытады және нығайтады, және баспа басылымдарындағы сауаттылық дағдылары жан-жақты, интерактивті және қайталанатын тәжірибені қажет етеді;

- демократиялық қоғам үшін маңызды ақпараттандырылған, рефлексиялық және белсенді қатысушыларды дамытады [5].

Қосымша факторлар: медиа сауаттылықты оқыту әсіресе университет аудиторияларында өте маңызды, өйткені студенттер бұқаралық ақпарат құралдарының тұтынушылары ретінде ересектерге қарағанда бұқаралық ақпарат құралдарының ауқымды әсерлеріне ұшырап жатады. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттар мәдениетті сипаттайтын көзқарастарды, құндылықтарды, мінез-құлық үлгілерін, алаңдаушылықтар мен мифтерді қалыптастыратын, бейнелейтін және нығайтатын жиынтық хабарламаларды жеткізеді [6]. Бұл ішінара уақыт пен зейіні шектеулі медиа тұтынушылар оларды бағалау үшін қажет күш-жігерді жұмсамай, кездескен хабарламалардың негізгі бөлігін автоматты түрде қабылдайтындықтан болады [7].

Медиа сауатты студенттер өздері алатын ақпаратты жақсырақ түсінуі керек және оның сапасы мен болжамдарын ескеретін болады. Олар пайымдаулар жасауға және оларды дәлелді себептерге негіздеуге қабілетті [8]. Олар ойлауда икемді және жаңа идеялар мен ақпаратқа тап болған кезде өз пайымдауларын қайта қарауға қабілетті. Осының нәтижесінде күрделі себептері немесе шешімдері даулы мәселелермен бетпе-бет келгенде дұрыс тұжырым жасауға қабілетті болады [9].

Ағылшын тілі сабақтарында медиа сауаттылықты дамытудың көптеген артықшылықтары бар, соның ішінде:

- тілді түсінудің жоғарылауы: студенттер оқыған немесе көрген әрбір оқиғаның ішінде маңызды ақпарат бар. Олар бұл ақпараттардың жақсы немесе жаман екенін түсіне алады;

- аналитикалық дағдыларды арттыру: оқиға үшін не маңызды екенін білу студенттерге шынайы және жалған жаңалықтарды ажырата білуге мүмкіндік береді;

- тәуелсіз ойлау сезімін арттыру: ақпараттарға сыни тұрғыдан қарау студенттерге олар туралы өз пікірлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді;

- дүниетанымының артуы: жаңалықтардағы біржақтылық оқиғаны қалай түсінуге әсер етуі мүмкін. Студенттер ақпаратты кім айтып жатқанын және олардың көзқарастары оған қалай әсер ететінін талқылай алады;

- қызығушылықтың арттыру: студенттердің қызығушылықтарын өздері қызығатын, пайдалы тақырыптар төңірегінде әңгімелесуге және оларды қызықтыруға бағыттау [3].

Ағылшын тілін оқып жатқан студенттерге медиа сауаттылықты дамыту неге маңызды?

Біз бұқаралық ақпарат құралдары қарқынды дамып келе жатқан әлемде өмір сүріп жатырмыз. 20 жылдан аз уақыт бұрын адамдардың көпшілігі жаңалықтарды күнделікті газеттен немесе бірнеше сағаттық жаңалықтарды көрді. Бүгінгі таңда студенттер жаңалықтарға кез келген уақытта қол жеткізе алады. Олар өз жаңалықтарын баспа газетінен, телеарнадан немесе радиостанциядан ала алады. Олар тіпті оны веб-сайттар мен әлеуметтік желілерден онлайн режимінде көре алады. Ал бұл алып жатқан ақпараттар қаншалықты құнды? Сондықтан, әсіресе ағылшын тілін оқып жатқан студенттерге медиа сауаттылықты дамыту аса маңызды және төменде осы бойынша бірнеше дәлелдер келтіріледі:

- кез келген ақпарат құралын жасаушылардың мақсаты мен перспективасы болады. Бұл көзқарастар анық немесе даулы болуы мүмкін, оны тану студенттерге алған ақпаратты сұрақ қоюға және контекстке келтіруге мүмкіндік береді;

- сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын жетілдіру: сабақта медиа сауаттылықты дамыту үшін жүргізілетін жаттығулар арқылы ақпарат құралдарын бағалау студенттердің өз ойларын дәлелдеу үшін мысалдар арқылы ақпараттардың дұрыстығын анықтауға ынталандырады;

- көптеген медиа сауаттылық әрекеттері студенттерге баспа жарнамаларынан бастап теледидар сценарийлеріне дейінгі өнімдердің ауқымын зерттеуге және болашақта сауатты қолдануға мүмкіндік береді;

- медиа сауаттылық ағылшын тілімен қатар басқа да пәндердің өзектілігін көрсете отырып, пәнаралық оқытудың байланыстырушысы бола алады. Мысалы, сіздің студенттеріңіз ағылшын тілі арқылы шет мемлекеттердің тарихы, мәдениеті, ғылымдары, өнері, салт-дәстүрі және саясатымен таныса алады [10].

Ағылшын тілін оқытудағы медиа сауаттылықпен жұмыс барысында қандай қиындықтарға кездесеміз:

Жаңадан медиа сауаттылықпен жұмыс жасау барысында өте көп жаңалықтар циклі, әсіресе студенттер үшін қиын болуы мүмкін. Таңдауға болатын шексіз ақпарат көздері мен медиа түрлері бар, және олардың барлығы дерлік шынайы жіне пайдалы хабарламаларға толы болмауы мүмкін. Себебі, дәл қазіргі уақытта жалған жаңалықтарға, әсіресе әлеуметтік желілерде кездестіру оңай. Әлеуметтік медиа кез-келген адамға өздерінің платформаларын құрып, аудиторияға жалған жаңалықтар тарата алады. Жалған жаңалықтар да, жарнамалар мен сублиминалды хабарламалар сияқты басқа ақпарат көздері де студенттер үшін қауіпті болуы мүмкін.

Студенттер ағылшын тілін жаңадан бастағандар ма, әлде оны жылдар бойы үйреніп жүр ме, бұл фактор да олардың медиа сауаттылығын қалай дамыту керек екендігіне және берілетін ақпараттар да олардың тілді білу деңгейлеріне тікелей байланысты. Студенттердің көпшілігі белгілі бір бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізе алады. Біз өзіміздің зерттеу жұмысыз ересек студенттерге бағытталғандықтан, бұл оларға бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалына түсу қаупі жоқ дегенді білдірмейді. Ересек жастағы студенттердің БАҚ ықпалына түсу қаупі тіптен жоғары болады, өйткені олар өздерін теуелсіз және кез-келген шешімді еркін қабылдай аламыз деп ойлайды. Медиа сауаттылықты ағылшын тілін оқыту барысында дамыту студенттерге саясатты, жаңалықтарды, ғылымды немесе, мәдениетті және т.б. өзекті тақырыптарды ісер етеді және студенттердің ағылшын тілін үйренуіне неғұрлым қызықты және пайдалы мүмкіндіктер ұсынады [10].

Ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарының ең дәстүрлі түрі - газет-журналдар сияқты баспа құралдары. Сонымен қатар, газет пен журнал мақалаларының тиімділігі мен қол жетімділігіне байланысты ең танымал ақпарат құралы болып табылады. Мысалы, Гранди өзінің “Newspapers” деп аталатын медиа мәтіндермен қалай дұрыс жұмыс жасау керек екендігін үйрететін мұғалімдерге арналған кітабында [11] ағылшын тілі сабақтарында газеттерді пайдаланудың үш негізгі мақсатын ұсынады:

- әр түрлі тілдік құзыреттіліктерді дамыту;
- мақсатты қоғамның және оның мәдениетінің аспектілеріне назар аудару;
- газет мақалаларында көтерілетін мәселелерді талқылауды ынталандыру.

Осы мақсаттарда айтылғандай, ағылшын тілі сабақтарында бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оқыту аспектілерімен шектелуі мүмкін. Дегенмен, медианы оқыту және студенттерді медиа сауаттылыққа үйрету, әрине, ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдермен мен тапсырмаларға тікелей байланысты. Квинлиск АҚШ-тың жоғары оқу орындарының түлектеріне арналған ағылшын тілі сабағында медиа сауаттылықты арттыру бойынша бірқатар іс-шараларды ұсынды [12].

Яғни, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы ұғымын таныстыру үшін мұғалім студенттерден Африка сияқты алыс аймақпен байланысты заттарды атауды сұрай алады. Студенттер джунгли, тайпалар, арыстандар, сафари, соғыс, аштық және ауру сияқты стереотиптік бейнелерді ұсынғаннан кейін, олар Африкаға ешқашан бармағандықтан, бұл сөздерді әртүрлі ақпарат құралдарынан (мысалы, телеарналар мен жаңалық шығарылымдары) жиналған мәліметтерге сәйкес бөлісіп отырғандықтарын байқайды. Бұл қысқаша жаттығу студенттерге біздің өміріміздегі әсіресе тікелей тәжірибе немесе нақты ақпарат болмаған кезде медиа жаңалықтар мен ақпараттардың күші бізге еріксіз әсер

ететіндігін көрсетеді. Осы алғашқы жаттығудан кейін ағылшын тілін оқыту барысында медиа сауаттылықты дамыту үшін осы үш оқыту әдісін қолдануға болады: жарнамаларды риторикалық талдау, теледидар мен фильмдегі оқиғалардың мазмұнын талдау және маңызды мәдени оқиғаларды кеңірек әлеуметтік талдау:

Бірінші тапсырма танымал журналдардағы жарнамалардағы тілді, бейнелерді және мәдени ерекшеліктерді талдауға бағытталады..

Екінші тапсырма студенттерге телебағдарламалар, жарнамалар және фильмдер сияқты көптеген дереккөздерден ақпараттарды жинау және талдау арқылы адамдар тобының вербалды және вербалды емес мінез-құлқын тексеруді талап етеді. Бұл тапсырма студенттерге өздерінің стереотиптері мен теріс пікірлерінің мәнін ашуға көмектеседі.

Үшінші тапсырма студенттерді “American Dream” деп аталатын бұқаралық ақпарат құралында жасалған мәдени оқиғаларды зерттеуге шақырады. Бұл мәдени оқиғаны зерттеу кезінде жетістік тек жеке мотивация мен міндеттеменің нәтижесі ретінде көрсетеді, ал билік, әлеуметтік мәртебе және этникалық тегі сияқты әлеуметтік-экономикалық факторлар кедергі келтірмейді [12].

Төменде, ағылшын тілін студенттерге оқытуда медиа сауаттылықты дамыту және қолдаудың бірнеше әдіс-тәсілдері мен стратегиялары ұсынылады:

Жаңалықты қайта өңдеу (Re-imagining the news)

Студенттерге осы 30 минуттық тапсырма арқылы бар жаңалықты сыни тұрғыдан бағалауды және жақсартуды дамытуға болады. Бұл тапсырма жаңалықтардың үзінді бейне материалдарын көруден басталады. Жаңалықтың мазмұнын, соның ішінде оқиғаның мәнін және оның кімдерде арналғандығы бойынша сұрақтар дайындап қоюға болады. Бұл студенттердің ойларын жақсырақ жеткізу үшін ақпаратты қаншалықты түсінгендігі туралы түрлі талқылауларды өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңалықтағы негізгі мәселелер бойынша бейресми викторина түрінде сұрақтар да ұйымдастыруға болады. Содан кейін, студенттерді екі немесе үш топқа бөле отырып, оларға бейне материалды өзгертетін бес жолды жазуы туралы тапсырманы беріледі. Соңында, студенттер жаңартылған жаңалықтар сюжеттің барлық топтармен бөлісіп, қандай өзгерістер қосқанын және себебін түсіндіріп беруі қажет [13].

Жалған мен шынайы жаңалықтар (Fake and real news)

Студенттерге сабақ барысында бұл тапсырманы орындау арқылы деректерді талдау дағдыларын дамытып, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысының маңыздылығын түсіне алады. Кейде жалған жаңалықтар шынайы жаңалықтарға қарағанда тезірек таралады. Сондықтан мұғалімдер студенттерге жалған жаңалықтарды шынайы жаңалықтардан ажыратуға үйрету керек. Сенімді әдістердің бірі - ақпараттың дұрыстығына сенімді болу үшін басқа ресурстардан ұқсас типтегі жаңалықтарды іздеу. Ағылшын тілі сабағында студенттер шынайы немесе жалған жаңалықтарды немесе екеуінің де комбинациясын көрсететін газеттер мақалаларын қолдана алады және басқа студенттерден осы ақпараттардың ішінен жалған, шынайы немесе аралас түрді қаншалықты анықтай алатындығын сұрайды. Себебі, медиа сауатты болу үшін факт, пікір және негізделген пікір арасындағы айырмашылықты анықтау өте маңызды. Медиа сауаттылықты дамытуға арналған бұл тапсырма студенттерге бұл ұғымдардың арасындағы айырмашылықты түсінуге көмектеседі [9].

Салыстыру (Comparing)

Әдетте бір оқиға әртүрлі дереккөздерінен ұсынылады. Студенттерге әртүрлі газет мақалаларындағы белгілі бір жаңалықтар оқиғасын сипаттайтын тақырыптарды салыстыру тапсырмасын беру өте қызықты әрі пайдалы тапсырма түрі. Осылайша, олар сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытады және жаңалықтарда қолданылатын тілді жақынырақ білуге және бір жаңалықты аудиторияға ұсынудың әртүрлі тәсілдерін көруге мүмкіндік алады.

Медиа ортадағы шынайы тәжірибе (Real-life experience in media environment)

Медиа сауаттылық - бұл жаңалықтарды немесе ақпаратты аналитикалық талдай білу. Ағылшын тілі сабағында студенттер ағылшын тіліндегі газет мақалаларын (“The Times”,

“The Sun”, “Daily Mail”, “The Independent” және т.б.) онлайн түрде табу аса қиындық туғызбайды. Студенттерді топқа бөліп, әр топқа ғылым, мәдениет, спорт, өнер, саясат және т.б. әртүрлі салаларға қатысты мақалаларды іздеуді ұйымдастыруға болады. Тапсырма барысы, олардың топпен жұмыс жасай отырып, негізгі ақпараттарды таңдап алуы, талдауы және бұл ақпараттың олар үшін қаншалықты пайдалы екендігімен бөлісуді қамтиды. Студенттер түрлі газет мақалаларын зерттей отырып, ағылшын тілінде оқылым және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын да дамытады [13].

Сонымен қатар, ағылшын тілінде медиа сауаттылықты оқытудың студенттердің академиялық жетістіктеріне әсерін бағалау үшін Колумбия университетінің мұғалімі Хоббс сабақ барысында зерттеулер жүргізеді. Ол студенттердің медиа сауаттылығын арттыру бойынша атқарылған жұмыстары бойынша жаңалықтардағы объективтілік, біржақтылық және көзқарас мәселелерін зерттеді. Осы зерттеудің квази-эксперименттік деректері медиа сауаттылық бойынша білім алатын студенттердің оқуды түсіну (негізгі идеялар мен қосымша ақпараттар), сыни тұрғыдан оқылым (құндылықтар мен көзқарастарды және жеткіліксіз ақпаратты толықтыру үшін қолданылатын әдістерді анықтау) және жазылым (абзацтың ұзындығымен, емле қателерімен және жазу сапасының тұтас бағасы) сынды дағдыларының жақсы дамығандығын көрсетеді [14].

Қорытынды

Қорытындылай келе, медиа сауаттылық, ол мәдениетаралық қарым-қатынас, шығармашылық және коммуникация сынды әрбір студент үшін маңызды дағдыларды дамытып, бұқаралық ақпарат құралдары мен адамдар арасында байланысты нығайтудың таптырмас құралы. Бұл мақалада ағылшын тілін оқытудағы медиа сауаттылықтың рөлі және ағылшын тілі сабағында ақпарат құралдарын қолдану арқылы студенттердің медиа сауаттылығын дамытудың бірнеше әдіс-тәсілдері мен стратегиялары қарастырылады. Біз бұқаралық ақпарат құралдарын талдау, салыстыру және зерттеу арқылы оқу процесіне қолдану студенттердің медиа сауаттылығын дамытудың тиімді әдісі деп ойлаймыз. Мақалада қарастырылған негізгі мәселелер: медиа сауаттылық ұғымы туралы “Ұлттық медиа сауаттылық білім беру қауымдастығының” анықтамалары; ағылшын тілі сабақтарында медиа сауаттылықты дамытудың артықшылықтары мен кездесетін қиыншылықтары; ағылшын тілін оқытуда медиа сауаттылықты дамыту және қолданудың әдіс-тәсілдері мен стратегиялары. Сонымен қатар, білім саласында медиа сауатты студент өзі алатын ақпаратты жақсырақ түсініп, оның сапасы мен құндылықтарын ескеретін болады. Олар сыни тұрғыдан ойлауда икемді және жаңа идеялар мен ақпаратқа тап болған кезде әрқашан өз тұжырымын жасап, нәтижесінде күрделі мәселелерге кездескенде дұрыс шешім қабылдауға қабілетті болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ashley, F. Why all 21st-century educators must teach media literacy & how. 2020. URL: <https://www.scetv.org/stories/2020/why-all-21st-century-educators-must-teach-media-literacy-how> (date of application: 23.03.2023).
2. The National Association of Media Literacy Education. Media Literacy. URL: <https://namle.net/resources/media-literacy-defined/> (date of application: 24.03.2023).
3. Christina, T. Introducing Media Literacy in the English Language Classroom. ESL Library. 2023. URL: <https://ellii.com/blog/introducing-media-literacy-in-the-english-language-classroom> (date of application: 24.03.2023).
5. Dvorghets, O., Shaturnaya, Y. Developing Students' Media Literacy in the English Language Teaching Context. Procedia -Social and Behavioral Sciences, 2015. - P. 192-198.
6. Scheibe, S., Rogow, F. Basic ways to integrate media literacy and critical thinking (3rd edn). New York: Project LookSharp, Ithaca College, 2008.
7. Silverblatt, A. Media literacy: Keys to interpreting media messages (2nd ed.). Westport, CT: Praeger, 2001. - 560 p.

8. Potter, J. W. Theory of Media Literacy: A cognitive approach. London: Sage. 2004. - 320 p.
9. Halpern, D. F. Thought and Knowledge: An introduction to critical thinking (4th ed.). Mahwah, NJ: Erlbaum. 2003. - 472 p.
10. Facione, P. A. Critical Thinking: What it is and why it counts. Millbrae, CA: Measured Reasons and the California Academic Press. 2013. - 28 p.
11. Prodigy. Teaching Media Literacy: Its Importance and 10 Engaging Activities. 2017. URL: <https://www.prodigygame.com/main-en/blog/teaching-media-literacy/> (date of application: 25.03.2023).
12. Grundy, P. Newspapers. Oxford: Oxford University Press. 1993. -134 p.
13. Quinlisk, C.C. Media literacy in the ESL/ESL classroom: Reading images and cultural stories. Weliy: TESOL Journal. 2003. – P. 35-40.
14. Mardoyan, L. Media Literacy in ELT Classroom. Skyteach. 2019. URL: <https://skyteach.ru/2019/07/17/media-literacy-in-elt-classroom/> (date of application: 25.03.2023).
15. Hobbs, R. Reading the media: Media literacy in high school English. New York: Teachers College, Columbia University. 2007. - 105 p.

УДК 372.881.1

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В ПРЕПОДАВАНИИ ГРАММАТИКИ И ЛЕКСИКИ

Каримов Чингиз Габдулахатович

chingiz.karimov@icloud.com

магистрант 1-курса ОП «Иностранный язык: два иностранных языка»

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.С. Амренова

Введение

Современный мир невозможно представить без передовых технологий, которые кардинальным образом изменяют нашу реальность во всех сферах жизнедеятельности. Одной из областей науки, в которой применение инновационных технологий приносит значительную пользу, является образование. В частности, преподавание английского языка стало намного эффективнее благодаря использованию новых технологий, инновационных методов и подходов. Ранее недоступные возможности стали реальны благодаря различным технологическим и методическим инновациям, которые способствуют улучшению и ускорению обучения.

Преподавание английского языка является одной из важнейших составляющих современного образования. Но несмотря на то, что обучение английскому языку имеет давнюю историю, процесс обучения всегда находится в стадии развития и совершенствования.

Актуальность данной статьи заключается в том, что сегодняшний динамичный и технологический мир требует новых подходов в преподавании, включая инновационные методы для обучения лексике и грамматике английского языка.

Целью настоящей работы является изучение влияния развития инноваций в образовании на преподавание иностранного языка.

Задачей автора является проведение сравнительного анализа имеющейся научной литературы в области изучения инновационных подходов в преподавании английского языка, их эффективности, доступности и потенциала развития.

Инновации в преподавании английского языка – это процесс разработки новых методов, технологий и подходов к обучению, которые делают процесс обучения более